

Шығыс Қазақстан облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату тәртібін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің 2014 жылғы 31 шілдедегі N 3 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 02 қыркүйекте N 3471 болып тіркелді

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 29-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Ш Е Ш Т І :

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату тәртібі белгіленсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

			<i>О б л ы с</i>		<i>ә к і м і н і ң</i>
<i>міндетін атқарушы</i>			<i>Е. Көшербаев</i>		
Шығыс	Қазақстан		облысы		әкімінің
2014	жылғы	«	31	»	шілдедегі
№	3				шешіміне
қосымша					

Шығыс Қазақстан облысында спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сату тәртібі

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 29-бабы 1-тармағының 14) тармақшасын орындау үшін, «Дене шынықтыру және спорт туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Заңының 39-бабымен және «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 9-1-бабымен белгіленген спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шараларын өткізу кезінде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз

ету қағидаларын сақтау мақсатында ұйымдастырушылар спорттық-бұқаралық, ойын-сауық мәдени-бұқаралық іс-шаралар өткізілетін орындарда шыны ыдыстағы өнімдерді сатуға жол бермеуді қамтамасыз етуі қажет деп белгіленсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ